

"2009 жылға арналған Меңдіқара ауданының аудандық бюджеті туралы" Меңдіқара аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 137 шешімін іске асыру туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 26 қаулысы. Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 29 қаңтарда № 9-15-102 тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 79-бабының 2-тармағын 82-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 14) тармақшасына, "2009 жылға арналған Меңдіқара ауданының аудандық бюджеті туралы" Меңдіқара аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 137 шешіміне (мемлекеттік тіркеу нөмірі 9-15-96) сәйкес және халықтың ең осал жіктерін әлеуметтік қорғау мақсатында Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық бюджеттен мынадай әлеуметтік төлемдер белгіленсін:

1) қайтыс болған кәмелетке толмаған балаларды жерлеуге әлеуметтік көмек тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма есе көлемінде ;

2) қайтыс болған жұмыссыздарды жерлеуге әлеуметтік көмек тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма есе көлемінде ;

3) қайтыс болған Кеңес Одағының Батыры, Социалистік Еңбек Ері атақтарына ие болған, үш жәрежелі Славы, "Алтын Қыран", "Отан", "Даңқ" ордендерімен наградталған, "Халық қаһарманы" атағына ие болған, Қазақстан Республикасының немесе Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының құрметті атақтарына, Меңдіқара ауданының құрметті азаматтары атақтарына ие болған тұлғаларды жерлеуге әлеуметтік көмек (бұдан әрі-қайтыс болған наградталған тұлғаларды жерлеуге әлеуметтік көмек) тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма есе көлемінде ;

4) амбулаторлық емделу кезінде қосымша тамақтануға туберкулезбен ауыратын азаматтарға біржолғы жыл сайынғы әлеуметтік көмек тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он есе көлемінде ;

5) үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек-балаларға әлеуметтік көмек өтініш берген айдан бастап, ай сайын оқу кезінде айлық есептік көрсеткіштің сегіз есе көлемінде ;

6) мүгедек-балаларды компьютерлік томографта зерттеумен байланысты

шығындарды өтеуге әлеуметтік көмек есептік құжаттар негізінде зерттеу құнынан жүз п а й ы з к ө л е м і н д е ;

7) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрмыстық мұқтаждарына әлеуметтік көмек ай сайын 1500 теңге көлемінде, жүрісін төлеу үшін ай сайын 1500 теңге көлемінде, электр энергия мен газға шығындарды өтеу бойынша ай сайын 1000 теңге көлемінде және қатты отынды сатып алуға біржолғы 39000 теңге к ө л е м і н д е ;

8) аз қамтылған азаматтарға біржолғы әлеуметтік көмек Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігіне 234 теңге сомасында және құжаттама үшін фотосуретке 300 т е н г е с о м а с ы н д а ;

9) жеке қосалқы шаруашылығын (ауыл шаруашылығы малына 2 бастан артық емес санымен, құсты 30 данадан артық емес санымен және жем-шөпті) сатып алумен байланысты шығындарды үтеу бойынша әлеуметтік көмек, оның нақты құны көлемінде , бірақ құсты сатып алуға-тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жеті есе көлемінен артық емес және ауыл шаруашылығы малы мен жем-шөбін сатып алуға-тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма есе көлемінен артық е м е с ;

10) халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктері санынан жастарға олардың жоғары медициналық немесе педагогикалық білім алуымен байланысты шығыстарын өтеу үшін, тек қана мемлекеттік білім гранттарының иегерлері, жоғары кәсіптік білім алу үшін мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен өзге де төлемдер түрлерін алушылар болып табылатын тұлғалардан басқа, жоғары немесе орта арнаулы оқу орнымен шартта көзделген сомасы көлемінде әлеуметтік көмек;

11) мұқтаж отбасыларға және жекелеген азаматтарға, сондай-ақ комиссияның шешімі бойынша мерекелі және мерейтой күндеріне (Жеңіс күні, Қарттар күні, Мүгедектер күні, Балаларды қорғау күні, Халықаралық әйелдер күні және тағы басқалар) азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек. Біржолғы әлеуметтік көмектің көлемін және азаматтардың санаттарын әр нақты жағдайда к о м и с с и я ш е ш е д і ;

12) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға қатты отынды сатып алуға шығындарды өтеу бойынша біржолғы әлеуметтік көмек біржолғы 20000 теңге көлемінде;

13) оңалту орталығына мүгедектердің жүрісін төлеу жөніндегі әлеуметтік көмек.

14) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі аудандық комиссияның (бұдан әрі-комиссия) шешімін ескере отырып, ауданның еңбек рыногында талап етілетін кәсіптерге оқитын жастарға жоғары немесе орта арнаулы оқу орнымен шартта көзделген сомасы көлемінде әлеуметтік көмек;

15) техникалық пен кәсіптік, орта білімнен кейінгі мен жоғары білім алушы

мүгедектерге, сондай-ақ мүгедек–балаларға шартта көзделген сомасы көлемінде
ә л е у м е т т і к к ө м е к ;

16) республикалық және жергілікті маңыздағы дербес зейнеткерлерге, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкерлеріне 30 000 теңге көлемінде, біржолғы,
ә л е у м е т т і к к ө м е к .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2009.07.29 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) № 234 қ а у л ы с ы м е н .

2. "Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмекті көрсету жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі-уәкілетті орган) болып белгіленсін.
3 . Б е л г і л е н с і н :

1) қайтыс болған кәмелетке толмаған балаларды, қайтыс болған жұмыссыздарды және қайтыс болған наградталған тұлғаларды жерлеуге әлеуметтік көмек, егер өтініш қайтқан күнінен алты айдан кешіктірілмей жасалса жерлеуді жүзеге асырған қайтыс болғанның отбасы мүшелеріне, немесе басқа тұлғаларға төленеді;

2) кәмелетке толмаған балаларды жерлеуге әлеуметтік көмек еңбекке жарамды әкесі (ұл (қыз) асырап алушысы) баланың қайтыс болған күніне жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелсе, ата-анасының біреуіне немесе өзге де заңды өкіліне тағайындалады;

3) қайтыс болған жұмыссыздарды жерлеуге әлеуметтік көмек олар қайтыс болған сәтіне жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде ресми тіркелсе тағайындалады;

4) амбулаторлық емделу кезінде қосымша тамақтануға туберкулезбен ауыратын азаматтардың біржолғы жыл сайынғы әлеуметтік көмекке құқығы бар, кәмелетке толмаған ауырған жағдайда ата-анасының, ұл (қыз) асырап алушының, қорғаншының, қамқоршының біреуі құқыққа ие;

5) үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек- балаларға әлеуметтік көмек өтініш берген айдан бастап тағайындалады. Әлеуметтік көмекті төлеу мүгедек балалар үй-интернаттарда немесе санаторлық мектептерде тұрған кезінде жүргізілмейді;

6) мүгедек-балаларды компьютерлік томографта зерттеумен байланысты шығындарды өтеуге әлеуметтік көмек отбасы кірісінен тәуелсіз мүгедек баланың ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне тағайындалады және төленеді;

7) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрмыстық мұқтаждары мен жүрісіне ай сайынғы әлеуметтік көмек өтініш берген айынан бастап тағайындалады және өтініш беруші қайтыс болғанына немесе аудан аумағынан тысқары кеткенге байланысты тоқтатылады. Көрсетілген жағдайлар болғанда келесі айдан бастап төлемдер тоқтатылады;

8) жеке қосалқы шаруашылығын және жеке қосалқы шаруашылығына жем-шөпті

сатып алумен байланысты шығындарды үтеу бойынша әлеуметтік көмек біржолғы, жылына бір рет және жан басына шаққандағы орташа табыс белгіленген кедейлік сызығынан аспаса отбасы мүшесінің біреуіне ғана көрсетіледі;

9) мұқтаж отбасыларға және жекелеген азаматтарға біржолғы әлеуметтік көмек отбасының материалдық жағдайын зерделегеннен кейін көрсетіледі. Кірістері туралы мәліметтерді өтініш беруші өзі хабарлайды және олардың нақтылығына жауапкершілікті алады. Заңды тұлғалар жеке тұлғалар мүдделерінде әлеуметтік көмек көрсету туралы қолдаухатпен өтініш жасайды;

10) әлеуметтік көмекті төлеу уәкілетті орган берген тізімдерге сәйкес екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиясы бар немесе ұйымдар арқылы әлеуметтік көмек алушының жеке шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен жүзеге асырылады

4. Қосымшаға сәйкес әлеуметтік көмекті тағайындау үшін қажетті құжаттардың тізбесі бекітілсін.

5. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек", "Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамсыздандыру" бюджеттік бағдарламалар бойынша жүргізілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. К. Киікбаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

М е н д і қ а р а

ауданының әкімі

Ж. Нұрғалиев

КЕЛІСІЛДІ

Ә к і м д і к т і н

2009 жылғы 12 қаңтардағы

№ 26 қаулысына

қосымша

Әлеуметтік көмекті тағайындау үшін қажетті құжаттардың ТІЗБЕСІ

Ескерту. 12-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2009.07.29 (қолданысқа енгізілу тәртібі 3-тармақтан қараңыз) № 234 қаулысымен.

1. Қайтыс болған кәмелетке толмаған балаларды жерлеуге әлеуметтік көмек

Кәмелетке толмаған балаларды жерлеуге әлеуметтік көмекті алуға растаушы құжаттар болып табылады:

- 1) қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі;
- 2) баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;

3) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органнан әкесінің (ұл (қыз) асырап алушысының, қорғаншысының, қамқоршысының) жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама;

4) ата-анасының, ұл (қыз) асырап алушысының, қорғаншысының, қамқоршысының тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі; осыдан басқа:

ұл (қыз) асырап алушылар баланы ұл (қыз) асырап алу туралы шешімді тапсырады; қорғаншылар (қамқоршылар) қорғаншы (қамқоршы) куәлігін немесе қорғаншылық және қамқоршылық органдарының балаға қорғаншы (қамқоршы) қылып тағайындау туралы шешімін тапсырады;

5) қайтыс болған баланың анасының тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

2. Қайтыс болған жұмыссыздарды жерлеуге әлеуметтік көмек

Қайтыс болған жұмыссыздарды жерлеуге әлеуметтік көмекті алуға құқықты растайтын құжаттар болып табылады:

1) қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі;

2) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органнан қайтыс болған жұмыссыз ретінде тіркелгенін растайтын анықтама;

3) қайтыс болған жұмыссыздың тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар тұлғаның тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі; осыдан басқа:

егер жерлеу отбасы мүшелерімен жүзеге асырылса, өтініш беруші туыстық қарым-қатынас фактісін растайтын құжаттың көшірмесін тапсырады;

егер жерлеу қайтыс болғанның отбасы мүшелерімен емес жүзеге асырылса, өтініш беруші салт қызметінен құжаттың көшірмесін немесе жерлеуді жүзеге асырғанын растайтын село, селолық округі әкімі аппаратынан анықтаманы тапсырады.

3. Қайтыс болған наградталған тұлғаларды жерлеуге әлеуметтік көмек

Қайтыс болған наградталған тұлғаларды жерлеуге әлеуметтік көмекті алуға құқықты растайтын құжаттар болып табылады:

1) қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі;

2) Кеңес Одағының Батыры, Социалистік Еңбек Ері атақтарына ие болған, үш жәрежелі Славы орденімен наградталған қайтыс болған тұлғаға-наградаға куәліктің көшірмесі;

3) "Алтын Қыран", "Отан", "Даңқ" ордендерімен наградталған қайтыс болған тұлғаға-наградтауды растайтын құжаттың көшірмесі;

4) "Халық қаһарманы" атағына ие болған қайтыс болған тұлғаларға-атақты алуын растайтын құжаттың көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасының немесе Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының құрметті атақтарына ие болған қайтыс болған тұлғаларға-құрметті атақты беруді

растайтын құжаттың көшірмесі;

6) Меңдіқара ауданының қайтыс болған еңбек сіңірген (құрметті) азаматтарына-атақты беруді растайтын құжаттың көшірмесі;

7) туыстық қарым-қатынасты растайтын құжаттың көшірмесі;

8) әлеуметтік көмек алуға құқығы бар тұлғаның тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі, егер жерлеу қайтыс болғанның отбасы мүшелерімен жүзеге асырылмаса, салт қызметінен құжаттың көшірмесі немесе жерлеуді жүзеге асырғанын растайтын село, селолық округі әкімі аппаратынан анықтаманы тапсырады.

4. Амбулаторлық емделу кезінде қосымша тамақтануға туберкулезбен ауыратын азаматтарға біржолғы жыл сайынғы әлеуметтік көмек

Амбулаторлық емделу кезінде қосымша тамақтануға туберкулезбен ауыратын азаматтарға біржолғы жыл сайынғы әлеуметтік көмекті алуға құқығын растайтын құжаттар болып табылады:

1) қосымша тамақтандыруды қамтамасыз ету үшін әлеуметтік көмек көрсетуге аудандық туберкулезге қарсы аурухананың қолдаухаты. Қолдаухатта құжатқа қол қоятын лауазымды тұлғаның толық атауы көрсетіледі. Жауапты тұлғаның қолы елтаңбалы мөрмен куәландыруы қажет;

2) өтініш берушінің тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

5. Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек-балаларға әлеуметтік көмек

1. Өтініш беруші алғашқы рет өтініш жасағанда мынадай құжаттарды тапсырады:

1) баланың туу туралы куәлігінің көшірмесін (16-жасқа дейінгі мүгедек-балалар үшін), тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесін (16-жастан 18 жасқа дейінгі мүгедек-балалар үшін);

2) мүгедек баланың тұрғылықты жерін растайтын құжаттың көшірмесі немесе тұрғылықты жерінен анықтаманы;

3) білім басқармасының жанындағы облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия берген үйде мүгедек-баланы тәрбиелеу және оқыту қажеттілігі туралы анықтаманың көшірмесін;

4) мүгедек-баланың ата-анасының, ұл (қыз) асырап алушысының, қорғаншысының (қамқоршысының), өзге де заңды өкілінің тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

5) ұл (қыз) асырап алушы, қорғаншы (қамқоршы) мәртебесі барын растайтын құжаттың көшірмесін;

6) медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы анықтамасының көшірмесін;

7) мектеп директоры қол қойған және мөрімен куәландырылған үйде мүгедек-баланы тәрбиелеу және оқыту фактісін растайтын анықтаманы.

2. Тиісті оқу жылы бойына келесі өтініштерде өтініш беруші уәкілетті органға мынадай құжаттарды тапсырады:

1) тұрғылықты жерінен отбасының құрамы туралы анықтаманы;

2) мектеп директоры қол қойған және мөрімен куәландырылған үйде мүгедек-баланы тәрбиелеу және оқыту фактісін растайтын анықтаманы.

6. Мүгедек-балаларды компьютерлік томографта зерттеумен байланысты шығындарды өтеуге әлеуметтік көмек

Мүгедек-балаларды компьютерлік томографта зерттеумен байланысты шығындарды өтеуге әлеуметтік көмекті алуға растайтын құжаттар болып табылады:

1) мүгедек-баланы компьютерлік томографта зерттеуге облыстық денсаулық сақтау басқармасының жолдамасы;

2) баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;

3) баланы мүгедек деп тану туралы медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы анықтамасының көшірмесі;

4) мүгедек-баланың ата-анасының, ұл (қыз) асырап алушысының, қорғаншысының (қамқоршысының), өзге де заңды өкілінің тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі ;

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін-тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі ;

шетелдіктер үшін- Қазақстан Республикасында шетелдіктің тұруға ықтиярхатының көшірмесі ;

оралмандар мен қашқындар үшін-оралман немесе қашқын деп тану туралы куәліктің көшірмесі ;

ұл (қыз) асырап алушылар, қорғаншылар (қамқоршылар) көрсетілген мәртебенін бар болуын растайтын құжаттың көшірмесін тапсырады, ұл (қыз) асырап алушылар мүгедек-баланы ұл (қыз) асырап алу туралы соттың шешімін тапсырады, қорғаншылар (қамқоршылар) - қорғаншының (қамқоршының) куәлігін немесе мүгедек-баланың қорғаншысы (қамқоршысы) тағайындау туралы қорғаншылық және қамқоршылық органдарының шешімі ;

5) тексеруге қолма-қол есеп туралы куәландыратын кассалық чек (кассалық чекте көрсетілген сома шартта көрсетілген сомаға ұқсас болу керек);

6) тексеру өткізілген ұйымның директоры мен бас бухгалтері қол қойған тексерумен байланысты шығыстарды өтеуді төлеу үшін шот (директордың қолы мөрмен куәландыруы керек, шотта компьютерлік томографта тексерілген баланың тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі).

7. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына әлеуметтік көмек

Әлеуметтік көмекті алуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды тапсырады:

1) жеке куәлігінің көшірмесін;

2) Ұлы Отан соғысының мүгедегі немесе қатысушы куәлігінің көшірмесін;

3) Ұлы Отан соғысы мүгедегінің немесе қатысушының тұрғылықты жерін растайтын құжаттың көшірмесін немесе тұрғылықты жерден анықтаманы.

8. Жеке қосалқы шаруашылығын және жеке қосалқы шаруашылығы үшін жем-шөпті сатып алумен байланысты шығыстарды үтеу бойынша әлеуметтік көмек

Жеке қосалқы шаруашылығын және жеке қосалқы шаруашылығы үшін жем-шөпті сатып алумен байланысты шығыстарды үтеу бойынша әлеуметтік көмекті алу құқығын растайтын құжаттар болып табылады:

- 1) өтініш берушінің тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) жеке қосалқы шаруашылығын сатып алумен байланысты аз қамтылған азаматтардың шығыстарын өтеу бойынша қаражатты бөлу туралы селолық округі әкімінің қолдау хаты;
- 3) сауда-саттық шарты, оның ішінде жеке тұлғалармен нотариалды немесе селолық округтер әкімдерімен куәландырылған;
- 4) жеке қосалқы шаруашылығын сатып алуын растайтын құжат (шот, жөнелтпе құжат, қолхат);
- 5) жем-шөп сатып алатын тұлғаларға-малдың немесе құстың барын растайтын селолық округі әкімінің анықтамасы.

9. Қазақстанның жоғары және орта арнаулы оқу орындарында оқуды төлеу үшін әлеуметтік көмек

Әлеуметтік көмекті алуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) өтініш берушінің тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 2) аз қамтылған азаматтар үшін-отбасы мүшелерінің табысын барын немесе жоғын растайтын құжаттарды;
- 3) оқу орнынан анықтаманы;
- 4) жоғары немесе орта-арнаулы кәсіптік біліммен маманды даярлау туралы оқу орнымен шартты және берілетін жеңілдіктер туралы оқу орнының бұйрығын.

10. Мұқтаж отбасыларға және жекелеген азаматтарға біржолғы әлеуметтік көмек

Әлеуметтік көмекті алуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) Боровской селосы немесе селолық округі әкімінің жанындағы учаскелік комиссиясы қол қойған өтініш берушінің материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру актісін;
- 2) оралмандар-оралманның тұлғасын және мәртебесін куәландыратын құжаттарды, Боровской селосы немесе селолық округі әкімінің қолдау хатын;
- 3) ауру жағдайында- емдеу мекемелерінің қолдау хаты мен анықтамаларын.

Біржолғы әлеуметтік көмек аудандық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің, аудандық мүгедектер қоғамының, "Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қолдау хаттары негізінде әлеуметтік көмекті көрсету жөніндегі аудандық комиссиямен тағайындалады.

11. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға әлеуметтік көмек

Әлеуметтік көмекті алуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) жеке куәлігінің көшірмесін;
- 2) Ұлы Отан соғысының мүгедегіне немесе қатысушына теңестірілген тұлғаның мәртебесін растайтын куәлігінің көшірмесін;
- 3) Ұлы Отан соғысының мүгедегіне немесе қатысушына теңестірілген тұлғаның тұрғылықты жерін растайтын құжаттың көшірмесін немесе тұрғылықты жерден анықтаманы.

12. Республикалық және жергілікті маңыздағы дербес зейнеткерлерге, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қызметкерлеріне әлеуметтік көмек

Әлеуметтік көмекті алуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды:

- 1) жеке куәлігінің көшірмесін;
- 2) республикалық және жергілікті маңыздағы дербес зейнеткердің, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қызметкерінің тұлға мәртебесін растайтын куәлігінің көшірмесін;
- 3) республикалық және жергілікті маңыздағы дербес зейнеткері, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қызметкері тұлғасының тұрғылықты жерін растайтын құжаттың көшірмесін тапсырады.